

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Жалықаралық қазақ-түрік университеті****Стоматология факультеті****Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің****№6 ХАТТАМАСЫ**

28.02.2024 ж.

Түркістан қ., 2-корпус, 334 каб.

**Катысқандар:** комиссия төрайымы х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекова, комиссия мүшеле-  
рі: х.ғ.к., доцент Э.Ж. Тулеordova; магистр, аға оқытушы А.А. Күшқарова; оқытушы  
А. Мусаева; оқытушы Д.Н. Неметова, оқытушы А.Ускенбаева, 504 тобының студенті  
А. Иса; әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, ESUVO, т.б.) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау.
2. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.
3. Ақпан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1-ші сұрақ бойынша:** СҚҚ төрайымы Мамырбекова А.К. сөз алыш, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша университетте <https://ayu.edu.kz>, <https://portal.ayu.edu.kz> сайттардың жұмыс істеу туралы айтты. <https://ayu.edu.kz> Ахмет Ясауи университетінің ресми сайты университет тарихы, миссиясы, факультеттер және кафедралар, университет ережелері және регламенттері, ректор блогы, ғылыми-зерттеу, білім беру және тәрбие бағыттары бойынша жаңалықтар орналасқан және білім орынды талапкерлерге, шетелдік талапкерлерге окуға түсушілерге таныстыру мақсатында көптеп қолданылады. <https://portal.ayu.edu.kz> веб-сайты бұл білім беру порталы болып табылады. Оған барлық пәндердің қысқаша мәліметі және контент құрылымы: курс аннотациясы, курс авторы туралы мәлімет, ОБӘЖ тапсырмалары, дәстүрлі силлабус, апталық лекция жинағы, апталық практикалық сабактардың жинағы, жоба және кейс тапсырмалары, оқытушының бейне материалы, виртуалды зертхана, оқытушының бейне дәрістері, оқытушының жеке ZOOM сілтемесі, БӘЖ-1 (1-ші аралық білімгердің өзіндік жұмысы), циклдік практикалық тапсырма, БӘЖ-2 (2-ші аралық білімгердің өзіндік жұмысы), бағдарламалық сұрақтар тізімі, оку-өндірістік практика, зерттеу практика туралы мәліметтер бар. Оқытушылар 1-3 курс білімгерлердің әр сабактың бағаларын 15 апта бойы және 4-5 курс студенттердің цикл бойынша жүретін пәндердің бағаларын электронды журналға енгізеді. Семестрдегі пәндерді оқу барысында 1 және 2 аралық бақылау (АБ) автоматты түрде есептелінеді. АБ-дың 50% ағымдағы бақылау (апталық бақылау) және ОБӘЖ, 40%-БӘЖ тапсырмасы, 10%-сабакқа қатысуы құрайды, барлығы 100%. Ағымдағы бақылау (апталық бақылау) оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық, аудиториядан тыс сабактардағы (ОБӘЖ) бақылауды қамтиды. Қорытынды баға: екі аралық бақылаудың орта мәнінің 60% және қорытынды бақылау (емтихан) нәтижесінің 40% құрайды. Университетте ОПҚ, қызметкерлерге, білім алушыларға барлық оқу корпустарында және жатақханаларда AYU Wi-Fi интернет желісі тегін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген, студенттер және ОПҚ үшін сапалы

түрде жұмыс істеуде. Сонымен қатар, электронды кітапхана сайты <https://lib.ayu.edu.kz> және <http://library.ayu.edu.kz>, <http://rmebrk.kz> кітапхана жұмысы, кітап қоры мен сандық баспа басылымдарына оқырмандарға, оқытушыларға қолжетімділігі туралы ақпарат береді. Қорыта келе, барлық оқу ғимараттар мен студенттік жатақханаларда сымды және сымсыз Wi-Fi желілері білім алушылар, ОПК мен қызметкерлер үшін интернет ресурстарына қолжетімділік жасалған, интернет жылдамдығы жыл сайын өсіп келеді.

**Шешімі:** Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, ESUVO, т.б.) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің түрақты жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

**2-ші сұрақ бойынша:** СҚҚ мұшесі, терапиялық стоматология кафедрасының менгерушісі Тулешова Э.Ж. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алып, «Стоматология» ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайтында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау туралы айтты. Факультеттімізде 4 негізгі кафедралар бар: терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы, хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасы, адам патологиясы кафедрасы, зертханалық пәндер кафедрасы. <https://ayu.edu.kz> Ахмет Ясауи университетінің ресми сайтында факультеттің және төрт кафедраның ресми параграфаларында факультеттің және кафедралардың тарихы, жүргізілетін пәндер, оқытушы-профессорлық құрамы туралы мағлumat бар. Әр кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми-верттеу, тәрбие бағыттары бойынша ақпараттар орналастырған және үнемі жаңартылып отырады.

**Шешімі:** «Стоматология» ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайтында орналастырылуы, оларды мерзімді жаңартылуы факультет басшылығы мен кафедра менгерушілерінің назарына алынып, үнемі қадағалансын.

**3-ші сұрақ бойынша:** СҚҚ төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша 2024 ж. ақпан айында жүргізілген іс-шаралар туралы баяндан, олардың нәтижелері қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Комиссия мүшелері бір ауыздан қолдады.

**Шешімі:** Факультеттегі 2024 ж. ақпан айында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:

A.K. Мамырбекова

Мәжіліс хатшысы:

D.B. Неметова